# ХАБАРЛАНДЫРУ

Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы ҚР Білім және ғылым министрінің 2017 шілдедегі №355 бұйрығы, ҚР Әділет министрлігінде 2017 жылғы 29 тамызда №15584 болып тіркелген ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а 01.03.2023 жыл №56 бұйрығына сәйкес бөбекжайымызға «Қамқоршылық кеңес» мүшесіне үміткер болуға шақырамыз.

Үміткерлер Қамқоршылық кеңесті сайлау және оның құрамы бойынша ұсыныстарды қабылдау туралы хабарландыруда көрсетілген мерзімде Комиссияға мынадай құжаттарды ұсынады:

1.Өтініш (еркін түрде);
2.Үміткердің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
3.Қазақ немесе орыс тілдеріндегі түйіндеме;
4.Білім туралы құжаттың көшірмесі (бар болса);
5.ҚР Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің аумақты бөлімшелері берген соттылығы мен сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының жоқтығын растайтын құжаттар.

Қосымша толық ақпарат білу үшін төмендегі байланыс нөміріне хабарласуларыңызға болады. Тел: 8-(71038)2-22-52

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
АҚТОҒАЙ АУДАНЫ
БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ
«АЙГӨЛЕК» БӨБЕКЖАЙЫ»
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРЫНЫ

100314, Қарағанды облысы, Актоғай ауданы
Сарышаған кенті, Абай көшесі, 36
тел.: 8(71038) 2-22-52
e-mail: dsaigolek@mail.ru

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
КАЗЕННОЕ ПРЕДПРИЯТИЕ
«ЯСЛИ-САД «АЙГӨЛЕК»
ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ
АКТОГАЙСКОГО РАЙОНА
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

100314, Карагандинская область, Актогайский район
поселок Сарышаган, улица Абая, 36
тел.: 8(71038) 2-22-52
e-mail: dsaigolek@mail.ru

29.08.2024ж № 1-35/58

Ақтоғай ауданы білім бөлімінің
басшысы А.К.Куанышбаевқа
«Айгөлек» бөбекжайы» КМҚК-ның
директоры С.К.Сагадиевадан

## Ұсыныс

Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы ҚР Білім және ғылым министрінің 2017 шілдедегі №355 бұйрығы, ҚР Әділет министрлігінде 2017 жылғы 29 тамызда №15584 болып тіркелген ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а 01.03.2023 жыл №56 бұйрығына сәйкес
«Айгөлек» бөбекжайы» КМҚК-да «Қамқоршылық кеңес мүшесіне сайлауға тәрбиеленушілердің ата-аналары өкілдерінен төмендегі көрсетілген құрам бойынша қамқоршылық кеңес мүшелерін бекітіп беруіңізді сұраймын.

1.ПЧ-34мекемесінің бастығы -кеңес төрағасы –Рахишов Берікбол Серикович:

2.Сарышаған кентінің әкім аппаратының бас маманы кеңес мүшесі – Кульмаганбетова.Г

3.Сарышаған кентінің дәрігерлік амбулаториясының жалпы практика дәрігері мүшесі-Абишева.С.М

4.Ақтоғай ауданының маслихат депутаты кеңес мүшесі-Калакбасов.Б.А

5.ПТО мекемесінің бастығы кеңес мүшесі-Бижамбеков.С.З

6.Машинист Депо кеңес мүшесі-Адильсеитов.А.С

7.Сарышаған кентінің жеке кәсіпкері кеңес мүшесі-Ерлепесова.Ж

8. Сарышаған кентінің жеке кәсіпкері кеңес мүшесі-Ажибеков.А

9.Ата-ана кеңес хатшысы-Заурбекова.Р

**Директор** **С.К.Сагадиева**

**Қамқоршылық кеңес туралы Ереже**

Келісемін
Қамқоршылық кеңесінің төрағасы
______________ Б.Рахишов
«29» 08 2024ж.

Бекітемін:
«Айгөлек» бөбекжайы» КМҚК-нын
директоры С.Сагадиева
«29» 08 2024ж

КМҚК «Айгөлек» бөбекжайы» КМҚК
Қамқоршылық кеңесі
туралы Ережесі
ҚК отырысында қабылданды
«29» тамыз 2024ж. № 1 хаттама

## І. Жалпы ереже.

1.1. Бұл ереже Қамқоршылық кеңес, заңды тұлғалық мәртебесіз, қызметінсіз, міндетінсіз, жұмысты ұйымдастыру және ұстаусыз, жұмысының тәртібін реттейді.

1.2. КМҚК «Айгөлек» бөбекжайының Қамқоршылық кеңесі, қайырымдылық ұйым құрастырусыз (заңды тұлғаны құрусыз) қайырымдылық жұмысын жүзеге асыруға арналған білім беру мекемелерінің қайырымдылық жасаушыларының қауымдастығы, ата-аналардың, тәрбиеленушілердің еріктілік бірлестігі болып табылады.

1.3. Қамқоршылық кеңестің құрамына, сонымен қатар, өз құқықтарын өкілеттік өкілдер арқылы жүзеге асыратын ұйымдар, мекемелер, олардың ұжымдары түрінде, заңды тұлғалар ене алады.

1.4. Қамқоршылық кеңестің мақсаты – бюджеттен тыс қаржыландырудың қосымша көзін, басқа ұйымдармен байланысты нығайту арқылы балабақшаның тиімді жұмыс істеуі мен дамуына себін тигізу.

1.5. Кеңес мүшелері өз жұмыстарын ақысыз жүзеге асырады.

1.6. Кеңес балабақша әкімшілігімен және Мекемелермен жұмыс жүргізеді.

## ІІ. Қамқоршылық кеңестің қызметі.

2.1. Әлеуметтік – түрлі әлеуметтік-кәсіптік топтар өкілдерін кеңес жұмысына тарту.

2.2. Экономикалық - бюджеттен тыс қаржыландырудың көпсалалық жүйесін жүсеге асыру.

2.3. Саясаттық – мемлекеттік (регионалдық) білім беру саясатын жүргізу.

## III. Қамқоршылық кеңестің міндеттері.

3.1. Халық арасында азаматтың әлеуметтік мәртебесін одан әрі анықтау үшін алған білім сапасының маңыздылығын қалыптастыру.

3.2. Балабақшаны қосымша қаржыландыруды, алдымен ата-аналар мен басқа адамдардың ерікті жанашырлық жәрдем есебінен, іздестіру.

3.3. Білім саласында мемлекеттік саясатты жүргізу.

3.4. Жанашырлық жәрдемді нысаналы мақсатты пайдалануға бақылау жүргізу.

3.5. Қосымша оқыту және басқа да қызметтер енгізу туралы ұсыныстар енгізу.

3.6. Ұйымға және мекеменің педагогтары мен басқа қызметкерлерінің еңбек жағдайын жақсартуға себін тигізу.

3.7. Мекемеде жарыстар, сайыстар және басқа да іс-шаралар ұйымдастыруға қатысу.

3.8. Білім беру мекемесінің материалдық-техникалық базасын жетілдіруге, оның бөлмелері мен территориясын сәулеттендіруге себін тигізу.

## IV. Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру.

4.1. Қамқоршылық кеңес, қайырымдылық жұмысты жүзеге асыру үшін өз еріктерімен біріккен, жалпы ата-аналар жиналысында құрылады.

4.2. Қамқоршылық (ата-аналар) қауымдастығы өз құрамынан үнемі жұмыс істейтін үйлестіру орган - Қамқоршылық кеңесті сайлайды. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің санын, жұмыс істеу мерзімін Құрылтай жиналысы белгілейді. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің саны тақ сан болу (әр топтан 2 өкілден (ата-анадан)), 2 жыл мерзімге тағайындау ұсынылады. Балабақшаның меңгерушісі Қамқоршылық кеңес құрамына кіреді.

4.3. Қамқоршылық кеңес өз құрамынан 2 жыл мерзімге төраға мен хатшыны сайлайды. Қажет болған жағдайда Кеңес төрағасы мен хатшысы өкілет мерзімінің соңына дейін сайланады.

4.4. Қамқоршылық кеңес отырысы қажеттілікке байланысты өткізіледі, бірақ әр тоқсан сайын 1 реттен кем болмауы тиіс.

4.5. Қамқоршылық кеңес, қамқоршылардың жалпы жиналысынсыз да, өз шешімімен басқа мүшелерді: балабақшаға қайырымдылық көмек көрсетуге ниет білдірген заңды және жеке тұлғаларды қабылдай алады.

4.6. Қамқоршылық кеңестің барлық шешімдері, мүшелерінің 2/3 қатысқан жағдайда, дауыстың көпшілігімен қабылданады, шешім хаттамаға түсіріліп, Қамқоршылық кеңестің төрағасы және хатшының қолы қойылады.

4.7. Құжат Қамқоршылық кеңес төрағасында сақталады.

4.8. Қамқоршылық кеңес мүшелері өз жұмыстарын ақысыз атқарады.

## V. Қамқоршылық кеңес жұмысы неден тұрады.

5.1. КМҚК «Айгөлек» бөбекжайының Қамқоршылық кеңесі екінші деңгейдегі бюджеттен тыс қаражатты пайдаланады. Бюджеттен тыс қаражатты бас пайдаланушы – балабақша меңгерушісі.

5.2. Қамқоршылық кеңес:

* қайырымдылық қызметін үйлестіреді,

* ата-аналардың ерікті жанашырлық жәрдемін, заңды және жеке тұлғалардың жанашырлық жәрдемін жинауды жүзеге асырады;

* қаржыланудың қосымша көзін іздестіруді үнемі жүзеге асырады;

* балабақша әкімшілігімен бірігіп мекеменің мұқтажын, шығынын және осы мұқтаждықты қанағаттандыру жоспарын айқындайды;

* директордың көрсетуі бойынша алдағы қаржылық жылға кіріс пен шығынның сметасын бекітеді;

* сметаның орындалуын қадағалайды;

* ата-аналарды, БАҚ, аудандық мекемелер мен өндірістерді мемлекеттік білім беру мекемелеріндегі жалпы және, оның ішінде, балабақшаның проблемалары туралы хабарлайды;

* балабақша әкімшілігімен келісе отырып, білім беру мекемесі қызметіне түрлі әлеуметтік-кәсіптік топтарды тартады;

* бюджеттен тыс қаражатты бас пайдаланушы – балабақша меңгерушісімен бірге осы қаражаттың пайдаланылуына жауапкершілікті мойнына алады;

* Жылына кем дегенде 1 рет жалпы қамқоршылар жиналысында қайырымдылық жұмыс барысы және Қамқоршылық кеңес қаражатын пайдалану туралы есеп береді.

5.3. Қамқоршылық кеңес қаражаты – өздігінен тауып алған немесе балабақша әкімшілігіне тауып алуға көмек көрсеткен, қаржы, олар балабақшаның бюджеттен тыс қаражатын құрайды және жұмсалады;

· Балабақшаның жұмысына және дамуына,

· Балабақша тәрбиеленушілері мен қызметкерлеріне материалдық көмек көрсетуге;

· Жедел, сметамен көрсетілмеген шығындарды төлеуге – қор резерві.

## VI. Білім беру мекемесі құқықты:

6.1. Қамқоршылық кеңестің сандық құрамын анықтауға (әр топтан ата-аналар қауымдастығының бір-бір өкілінен).

6.2. Қамқоршылық кеңес құрамына енуге;

6.3. Қамқоршылық кеңес жетекшісі ретінде кеңес отырыстарына қатысуға, мекеменің дамуы бойынша ұсыныстар жасауға;

6.4. Қамқоршылық кеңес қызметі бойынша локалдық актілерді дайындауға қатысу;

6.5. Қайырымдылық жанашырлық жәрдемді пайдалану бойынша ұсыныстар жасап, кеңес беруге;

6.6. Кеңеспен бірігіп, қызметкерлерді материалдық ынталандыру түрлерін дайындауға;

6.7. Қамқоршылық кеңес қызметі бойынша есептік құжаттармен танысуға және қайырымдылық жанашырлық жәрдемді жұмсау жайында педагогтар Кеңесі отырыстарына қатысуға;

## VII. Білім беру мекемесінің міндеті:

7.1. Білім беру мекемесі мен Қамқоршылық кеңес қызметін регламенттейтін, заңнамалық және локалдық актілерді сақтауға;

7.2. Кеңес отырысын өткізу үшін бөлме тауып беруге;

7.3. Кеңесті жарғылық құжаттармен және локалдық актілермен, оқыту бағдарламасымен, нысанды бағдарламалармен, жылдық жоспармен таныстыру.

7.4. Педагогикалық жұмыс жағдайы жөнінде Кеңестің сұранысы бойынша ақпарат беруге;

## VIII. Қорытынды

8.1. Қамқоршылық кеңес өз жұмысын, нақты Ереже негізінде, балабақша Жарғысына және білім беру саласында қолданылатын заңнамаларға сәйкес, жүргізеді.
**8.2.** Қамқоршылық кеңес, қажеттілікке байланысты, Ережеге өзгертулер мен толықтырулар енгізе алады.

8.3. Осы Ереженің күші Қамқоршылық кеңестің қолданылу мерзіміне немесе жаңа Ережені қабылдағанға дейін белгіленеді.

# ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕС ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

## 1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕ

1.1 **Қамқоршылық** – білім беру жүйесін, ізгілік қызметтерін(білім беру, ғылым, мәдениет және өнер, спорт және денсаулық сақтау) қолдаумен байланысқан әлеуметтік белсенділік саласы.

1.2 **Қамқоршылар** – қамқоршылық жұмысын атқаратын қоғамдық және заңды тұлға.

1.3 **Қамқоршылық кеңесі**- қоғамдық бірлестік, бірге басқарудың қоғамдық-мемлекеттік түрлерін дамыту және білім беру жүйесі, ізгілік қызметтері мекемелеріне қолдау жасауға қосымша қаржы тарту мақсатында құрылады.

1.4 **Қамқоршылық қолдау алатындар** - қамқоршы бөлетін және тартатын қаржыға Қазақстан Республикасының жас ұрпағын дамытумен байланысқан білім беру жүйесін, ізгілік қызметтерін атқаратын қоғамдық және заңды тұлғалар.

1.5 № 9 ЖОГМ ҚМ-нің Қамқоршылық кеңесі ҚР «Білім туралы» Заңының 44 бабының 9 тарауына сәйкес мектеп алқалық басқарудың түрі болып табылады.

1.6 Қамқоршылық кеңесі жалпы білім беру мекемесінің Жарғысы мен заңды тұлға статусынсыз осы Ереже негізінде әрекет жасайды.

1.7 Қамқоршылық кеңесінің мақсаты – білім беру мекемесінің дамуына қолдау жасау, қала аумағында жұмыс істейтін басқа ұйымдармен оның байланысын нығайту,заттай және ақшалай қаржыларды белсенді пайдалану.

1.8 Қамқоршылық кеңесі бюджеттен тыс қаржыларды ерікті құрбандық жасау, жеке тұлға мен мекемелердің қайырымдылық және демеушілік жарнасы, «ТҰРАҚТЫЛЫҚ-БІЛІМ» қайырымдылық есеп шотына заңмен қарастылыған қаржы көздері есебінен тартады.

1.9 Қайырымдылық және демеушілік жарнасынан түскен және қайырымдылық көрсетушілер қосқан қаржы есебінен сатып алынған барлық мүлік мекеменің меншігі болып табылады және бекітілген тәртіпте балансына алынады.

1.10 Қайырымдылық қызметі ҚР МК (сыйлық мен құрбандық ҚР МК 506,516 баптар) реттейтін келісім шарт қатынасы негізінде жасалады.

## 2. ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕС ҚҰРАМЫ

2.1 Қамқоршылық кеңес құрамына кіреді:
- әлеуметтік серіктестерінің өкілдері;
- қоғамдық ұйымдардың өкілдері;
- ата-аналар жұртшылығы мен педагогикалық кеңес өкілдері.

2.2 Қамқоршылық кеңесінің жеке құрамы білім беру мекемесінің жалпы жиналысының ұсынысы ескеріліп, білім беру мекемесінің әкімшілігімен қалыптастырылады.

2.3 Қамқоршылық кеңесінің төрағасы білім беру мекемесінің Қамқоршылық кеңесінің отырысында сайланады. Төрағасының өкілеттілік мерзімі Қамқоршылық кеңесіндегі оның басшылығы мерзімімен шектеледі.

2.4 Төрағасының орынбасары мен хатшысы Қамқоршылық кеңеспен сайланады.
2.5 Қамқоршылық кеңес мүшелерінің арасында тапсырмаларды бөлу кеңестің отырысында белгіленеді.
2.6 Қамқоршылық кеңесінің мүшелері өз тапсырмаларын өтеусіз негізде орындайды.
2.7 Осы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар Қамқоршылық Кеңесінің жалпы жиналысымен енгізіледі және оның отырысында бекітіледі.

## 3. ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕСІНІҢ МІНДЕТТЕРІ

3.1 Жалпы білім беру ұйымының жұмысының айқындығын арттыруға және жетілдіруге бағытталған бастамалар ұсыну және оны талқылау.
3.2 Жалпы білім беру ұйымының материалдық- техникалық базасы мен оқу базасын нығайту және жетілдіру, оның аумағы мен кабинеттерін көркейту.
3.3 Білім беру үдерісін іске асыру жағдайын жақсартуға, оқушылардың өмірі мен денсаулығын сақтауға жәрдем көрсету.
3.4 Мектеп органдарының жұртшылықпен тиімді қарым –қатынасы үшін жағдай жасау.
3.5 Мектептің білім берушілік,қаржылық, кадрлық әлеуетін күшейту.
3.6 ҚМ берілген қаражаттай және заттай бюджеттік қаржыны тиімді және анық пайдалану үшін механизм құру.
3.7 Қаржыландырудың қосымша көздерін мектепке тартуға жәрдем беру.
3.8 Оқушылардың заңды құқықтары мен мүдделерін қорғау.

## 4. ҚОСЫМША БЮДЖЕТТЕН ТЫС ҚАРЖЫЛАРДЫ ТАРТУ ЖӘНЕ ЖҰМСАУ ТҮРЛЕРІ МЕН ТӘРТІБІ.

4.1 Қосымша бюджеттен тыс қаржыларды тартуды Қамқоршылық кеңес ерікті құрбандық пен қоғамдық және заңды тұлғалардың мақсатты жарналары түрінде жасайды.
4.2 Мақсатты жарналарды тартудың өзіндік мақсаттары бола алады, мектепке қажетті мүлік сатып алу,мекеменің материалдық- техникалық базасын нығайту және дамыту, тәрбиеленушілердің қауіпсіздігін сақтау, тағы басқа қазіргі заңнамалар мен мекеменің жарғылық қызметіне қайшылық жасамайтын мақсаттар. Мақсатты жарналарды тарту бастамалары ҚМ басшыларынан, қамқоршылық кеңес немесе мекеменің басқа өзін -өзі басқару органдарынан туындайды.
4.3 Мақсатты жарналар білім беру мекемесінің есеп шотына түсіріледі. Тартылған мақсатты жарналарға білім беру мекемесінің бастығы жарияланып тағайындалған мақсат бойынша қамқоршылық кеңеспен келісілген иелік жасайды.
4.4 Мектепте құрбандықты ақшалай немесе заттай түрде ҚР МК бекіткен тәртіпте қоғамдық және заңды тұлғалар жасай алады.
4.5 Мақсатты жарналар мен құрбандықтар бойынша бухгалтерлік есеп және есеп берушілік қазіргі заңнамалар бекіткен ретте жасалады.

## 5. ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕСІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ.

5.1 Қамқоршылық кеңесі жылына 4 мәртеден кем емес отырыс өткізеді.
5.2 Қаралған сұрақтар бойынша Қамқоршылық кеңесі шешім қабылдап, білім беру мекемесінің әкімшілігі мен Педагогикалық кеңес мәліметіне жеткізеді.
5.3 Қамқоршылық кеңесінің білім беру мекемесі материалдық-техникалық базасын дамыту үшін берген қаражат қаржыларын білім беру мекемесінің пайдалануы туралы жарты жылда бір рет директор есеп береді.
5.4 Білім беру мекемесін дамыту мүддесі үшін бюджеттен тыс қаржыны мақсатты және тиімді пайдалануы үшін жауапты.
5.5 Білім беру мекемесінің бюджеттен тыс қаржысының шығысын бақылайды.
5.6 Қамқоршылық кеңесінің барлық шешімдері көпшілік дауыспен қабылданады.
5.7 Қамқоршылық кеңесі оқтын-оқтын мектеп ата-аналар комитеті алдында өз жұмысы туралы есеп береді.

## 6. ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕСІНІҢ ІС ҚАҒАЗДАРЫ

6.1 Қамқоршылық кеңесінің отырысында кеңестің төрағасы мен хатшының қолы қойылған хаттама жүргізіледі.
6.2 Хатшының міндеті Қамқоршылық кеңесінің бір мүшесіне жүктеледі.
6.3 Құжаттары Қамқоршылық кеңесінің төрағасында 1 жылға сақталады.
Ереженің нақтылы мерзімі: білім беру мекемесінің үлгісі (немесе түрі) өзгергенге дейін.

## 7. ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕСІНІҢ ҚАҒИДАЛАРЫ.

Қамқоршылық кеңесінің жұмысы келесі қағидаларға негізделеді:
- демократиялық;
- алқалық;
- ынтымақтастық ұзақтығы;
- жұмысының жариялылығы пен ашықтығы.

Қамқоршылық кеңесіне қатысушылардың жұмысы келесі қағидаларға негізделеді:
- еріктілік;
- жұмыс заңдылығы және барлық қатысушылардың құқықтық теңдігі;
- көмек алушылардың таңдау еріктілігі;
- қайғыға ортақтасу,мейрбандық,риясыздық рухани құндылықтары.

## 8. Қамқоршылық кеңесінің жұмысын тоқтату

Қамқоршылық кеңесінің жұмысы тоқтатылады:
- қамқоршылық кеңесінің ынтасымен;
- таратылу және қайта ұйымдастыру.

| ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ<br>БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ<br>АҚТОҒАЙ АУДАНЫ<br>БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ<br>«АЙГӨЛЕК» БӨБЕКЖАЙЫ»<br>КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК<br>ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРЫНЫ | КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ<br>КАЗЁННОЕ ПРЕДПРИЯТИЕ<br>«ЯСЛИ-САД «АЙГОЛЕК»<br>ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ<br>АКТОГАЙСКОГО РАЙОНА<br>УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ<br>КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ |
|---|---|

**БҰЙРЫҚ** **ПРИКАЗ**

29.08.2024 ж. № 1-5/33

Сарышаған кенті поселок Сарышаган

**Қамқоршылық кеңесті**
**құру туралы**

ҚР Білім және ғылым министрінің «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 27.07.2017 № 355 бұйрығының негізінде және білім беру саласындағы мемлекеттік-қоғамдық басқару нысандарын дамыту, Балабақшаның даму стратегиясын іске асыру, оқыту мен тәрбиелеу үшін оңтайлы жағдайлар жасауға жәрдемдесу, МДҰ қаржы-экономикалық қызметінің тиімділігін арттыру, мекемені дамытуды қамтамасыз ету үшін қаржылық, материалдық және өзге де ресурстарды қосымша тарту, олардың мақсатты және ұтымды пайдаланылуын бақылау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

КМҚК «Айгөлек» бөбекжайында құрамы 9 (тоғыз) адамнан тұратын, жұртшылық өкілдерін, ата-аналарды және балабақша қызметкерлерін ерікті негізде біріктіретін мемлекеттік емес қоғамдық коммерциялық емес ұйым ретінде қамқоршылық кеңес құрылсын.

Қамқоршылық кеңес төрағасы : Рахишов Б.С- Теміржол ПЧ мекемесінің бастығы
қамқоршылық кеңес төрағасының орынбасары- Кульмаганбетова Г. – Аудан әкімдігінің аппарат бас маманы
Хатшы : Заурбекова Р – ата – ана
Комиссия мүшелері:
Сагадиева С.К-бөбекжай директоры
Калакбасов Б.А- Ақтоғай ауданының маслихат депутаты
Абишева С.М.- Сарышаған кентінің дәрігері
Адильсеитов А.С – Теміржол машинист Депо
Ерлепесова Ж-жеке кәсіпкер
Ажибеков А.Б – жеке кәсіпкер

Қамқоршылық кеңестін жұмыс жоспары жасалынсын және отырыс өткізілсін.

Негіздеме: өндірістік қажеттілік.
Бұйрықпен таныстым: _________/Рахишов Б.С
_________/Заурбекова Р
_________/Калакбасов Б
_________/Абишева С.М
_________/Адильсеитов А
_________/Ерлепесова Ж
_________/Ажибеков А

**Директор** **С.К.Сагадиева**

БЕКІТЕМІН
КМҚК « Айгөлек»» бөбекжайының
директоры С.К.Сагадиева
« 02» 09. 2024ж

# Қамқоршылық кеңес құрамы

| Аты -жөні | Қызметі |
|---|---|
| **Қамқоршылық кеңестің төрағасы** | |
| Рахишов Берікбол Серикович<br>сот 87773541773 | ПЧ-34 мекемесінің бастығы |
| **Қамқоршылық кеңестің хатшысы** | |
| Заурбекова Раушан<br>сот.87079137164 | Ата-ана |
| **Қамқоршылық кеңес мүшелері** | |
| Кульмаганбетова Г. –<br>сот 87074681081 | Аудан әкімдігінің аппарат бас маманы |
| Калакбасов Б.А. –<br>сот 87762017086 | Ақтоғай ауданының маслихат депутаты |
| Абишева С.М. –<br>сот 87758071265 | Сарышаған кентінің дәрігерлік амбулаториясының жалпы практика дәрігері |
| Бижамбеков С.З. –<br>сот 87056284714 | ПТО мекемесінің бастығы |
| Адильсеитов А.С –<br>сот 87016266585 | машинист Депо |
| Ерлепесова Ж–<br>сот 87029651608 | Жеке кәсіпкер |
| Ажибеков А–<br>сот 87021745507 | Жеке кәсіпкер |

БЕКІТІЛДІ
КМҚК« Айгөлек» бөбекжайының
Қамқоршылық кеңесінің
төрайымы
Рахишов Б.С. ____________
№1 жалпы отырысында
02.09.2024 ж.

**КМҚК «Айгөлек» бөбекжайының Қамқоршылық кеңесінің**
**2024-2025 оқу жылына**
**арналған жұмыс жоспары**

| № | Жұмыс мазмұны | Өткізілу формасы | Уақыты | Жауапты |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 1. Қамқоршылық кеңесті құру.<br>Қамқоршылық кеңесінің нормативтік құжаттарымен танысу.<br>Кеңес мүшелерін сайлау.<br>Кеңес мүшелерінің міндеттерін бөлу (төрағасы, орынбасар, жауапты хатшы).<br>Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспарын құру,бекітуге ұсыну<br><br>2. 2024-2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын бекіту.<br>Бюджеттен тыс шағын кәсіпкерлерді тарту, оларды пайдалану жолдарын қарастыру.<br>3. «Денсаулық» апталығын ұйымдастыру<br>4. Тәрбиеленушілерге берілетін тамақ түрлілігі, оның нормасын, пісірілуін және балаларға тарату жәйіне бақылау жүргізу<br><br>5. «Ардагерлерді ардақтайық!» мемлекеттік бағдарламасы аясында «Қарттарым- асыл қазынам» | №1 жалпы отырыс<br><br>Үнемі бақылау<br><br>Ұйымдастыру, бақылау | Қыркүйек<br><br>Қазан<br><br>Ақпан<br><br>қазан | Қамқоршылық кеңес, балабақша әкімшілігі |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | атты іс-шаралар | | | |
| 2 | 1. 16 желтоқсан – Тәуелсіздік күніне арналған іс-шаралар<br>2. «Қош келдің, Жаңа жыл!» - мерекелік ертеңгіліктер<br>3. «Ашық есік» апталығы | Ұйымдастыру, бақылау<br><br>№2<br>жалпы отырыс | Желтоқсан<br><br>Қаңтар | Қамқоршылық кеңес, балабақша әкімшілігі |
| 3 | 1. «8 Наурыз – аналар күніне» арналған мерекелік іс-шаралар<br>2. «Жыл басы - Наурыз» - ертеңгіліктер<br>3. Аумақты жабдықтау, көгалдандыру бойынша жұмыс<br>4.«Бірлесіп ағаш отырғызайық!» акциясы<br>5. «Қош бол, балабақша!»,<br>«1 маусым халықаралық балаларды қорғау күніне» орай жоспарланған іс-шаралар | Ұйымдастыру, бақылау<br><br>№3<br>жалпы отырыс | Наурыз<br><br>Сәуір<br><br>Мамыр | Қамқоршылық кеңес, балабақша әкімшілігі |
| 4 | 1. Балалардың<br>жазғы демалысын, сауықтыру шараларын ұйымдастыру<br>2. Топ алаңдарын<br>Жабдықтау (ата- аналар көмегімен)<br>«Ең гүлді топ алаңы»<br>- байқау<br>3. Көпбалалы, жағдайлары төмен отбасыларына әлеуметтік көмек көрсету,<br>«Қайырымдылық» акцияларды ұйымдастыру мақсатында жеке кәсіпкерлер мен<br>ата-аналармен байланыс орнату<br>4. 2024-2025 жыл<br>қорытындысы. Қамқоршылық кеңесінің бір жылдық жұмысының талдауы.<br>5. 2025-2026 жылына жұмыс<br>жоспарын құру | Ұйымдастыру, бақылау<br><br>№4<br>жалпы отырыс | Маусым<br><br>Шілде<br><br>Тамыз | Қамқоршылық кеңес төрағасы балабақша әкімшілігі |

Бекітемін
«Айгөлек» бөбекжайы КМҚК-ның
директоры С.К.Сагадиева
___________________
«29» 08 _________2024ж.

**Қамқоршылық кеңесінің жылдық жұмыс жоспары**
**2024-2025 оқу жылы**

| № | Орындалу мерзімі | Іс-шаралар мазмұны |
|---|---|---|
| 1. | Қыркүйек | -«Сыбайлас жемқорлыққа себеп болатын жағдайлардың алдын алу туралы» бөбекжай бұйрығымен танысу .<br>-жаңа оқу жылына арналған қамқоршылық кеңесінің жоспарын құру, бекітуге ұсыну;<br>- жалпы ата-аналар жиналысы; |
| 2. | Қазан | - «Қамқорлық жасайық!» акциясына қатысу.<br>-Құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыстарының кеңесі отырысына қатысу. |
| 4. | Сәуір | Бөбекжай ауласына абаттандыру жұмыстарын ұйымдастыруға ықпал ету. |
| 5. | Мамыр | -Отбасы күніне орай ұйымдастырылатын іс-шараларға қатысу.<br>-Жеңіс күніне орай ұйымдастырылатын мерекелік шараларға қатысу.<br>-Әлеуметтік қорғалмаған отбасылардың жетім балалардың, қорғаншылықтағы балалардың жазғы демалыстарын ұйымдастыруға көмек көрсету. |
| 6. | Жыл бойы | -Қамқоршылық кеңестің отырысы<br>-Ата-аналар жиналысына жүйелі қатысу.<br>-Бракераждық комиссиямен бірлескен түрде асханасының тағамдарының сапасын тексеруге қатысу.<br>-Дәстүрлі мерекелік іс-шараларды, спорттық іс –шараларды ұйымдастыруда көмек көрсету. |

Бекітемін
«Айгөлек» бөбекжайы КМҚК-ның
директоры С.К.Сагадиева
________________
«29» 08 2024ж.

**Қамқоршылық кеңесінің отырыстары**
**2024-2025 оқу жылы**

| № | Орындалу мерзімі | Күн тәртібінде қаралатын мәселелер |
|---|---|---|
| 1. | **Қыркүйек** | 1.Қамқоршылық кеңестің 2024-2025 оқу жылына мақсаты, жұмыс бағыттары, кеңес құрамының функцияларын таныстыру.<br>2.Қамқоршылық кеңестің жоспарын жасақтап, бекіту.<br>3.Әр түрлі сұрақтар |
| 2. | **Қазан** | 1.Бөбекжайдың стық тамақтың ұйымдастырылуы туралы<br>3.Әр түрлі сұрақтар |
| 3. | **Желтоқсан** | 1. 2023-2024 оқу жылындағы бөбекжай директорының атқарылған жұмыстар жөніндегі есебі<br>2. Жаңа жылдық мерекенің ұйымдастырылуы және өткізілуі туралы<br>3. Оқу-тәрбие үрдісінде жүргізілген жұмыстар туралы |
| 4. | **Наурыз** | 1.«Қамқорлық» акциясының есебі туралы<br>2.Наурыз айындағы мерекелердің ұйымдастырылуы туралы<br>3. Әр түрлі сұрақтар |
| 5. | **Мамыр** | 1.Тәрбиеленушілердің жазғы демалысының ұйымдастыру туралы<br>2.Қамқоршылық кеңесінің бір жылдық жұмысының талдауы<br>3. Әр түрлі сұрақтар |

**КМКҚ «Айгөлек» бөбекжайының «Қамқоршылық кеңес» отырысының**

**ХАТТАМАСЫ №1**

**Өтілген күні:** 02.09.20224ж.
**Қатысқандар:** бөбекжай әкімшілігі, ата-аналар, жергілікті мекеме қызметкерлері

**Күн тәртібінде қаралған мәселелер:**
1. «Қамқоршылық кеңестің» ережесімен, мақсат-міндеттерімен, құру тәртібімен таныстыру
2. «Қамқоршылық кеңестің» мүшелерін сайлау

**Тыңдалды:**
**Сөйледі:** Күн тәртібіндегі 1-мәселе бойынша балабақша директоры С.К.Сагадиева сөз алып, жиналысқа қатысушыларды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 27.07.2017 жылғы №355 бұйрығымен бекітілген «Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың және білім беру ұйымдарында оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ережемен таныстырып өтті. Қамқоршылық кеңесі қоғамдық бірлестік, бірге басқарудың қоғамдық-мемлекеттік түрлерін дамыту және білім беру жүйесі, ізгілік қызметтері мекемелеріне қолдау жасауға қосымша қаржы тарту мақсатында құрылатындығын айта келіп, міндеттеріне тоқталды.

- Мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбие мен білім беру жұмысының айқындығын арттыруға және жетілдіруге бағытталған бастамалар ұсыну және оны талқылау.
- Мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбие мен білім беру материалдық-техникалық базасы мен оқу базасын нығайтуға ат салсысу
- Тәрбие мен білім беру үдерісін іске асыру жағдайын жақсартуға, балалардың өмірі мен денсаулығын сақтауға жәрдем көрсету.
- Балабақша органдарының жұртшылықпен тиімді қарым-қатынасы үшін жағдай жасау.
- Балабақшаның тәрбие мен білім берушілік, қаржылық, кадрлық әлеуетін күшейту.
- Демеушіліктен берілген қаражаттай және заттай бюджеттік қаржыны тиімді және анық пайдалану үшін механизм құру.
- Қаржыландырудың қосымша көздерін балабақшаға тартуға жәрдем беру.
- Балалардың заңды құқықтары мен мүдделерін қорғау. Балабақша меңгерушісі қамқоршылық кеңестің қосымша бюджеттен тыс қаржыларды тарту және жұмсау түрлері мен тәртібіне, Қамқоршылық кеңесінің құқықтары мен міндеттеріне, оның қағидаларына , сонымен қатар кеңестің құрамына тоқталып өтті.

**Тыңдалды:**

**Сөйледі:** Күн тәртібіндегі 2-мәселе бойынша сөз алған ата-аналар тарапынан Заурбекова Раушан. Қамқоршылық кеңес құрамына кімдер ену керектігіне, олардың функционалдық міндеттеріне тоқталып өтті. Жиналысқа қатысушылардың ортақ ұсынысымен төмендегі тұлғалар Қамқоршылық кеңестің мүшесі болуға ұсынылды.

Қамқоршылық кеңес төрайымы: – Рахишов Б.С. Теміржол. ПЧ бөлімінің бастығы.

Қамқоршылық кеңес хатшысы: - Заурбекова Р. ата-ана

Қамқоршылық кеңес мүшелері

- Кульмаганбетова Г – Аудан әкімдігінің аппаратының бас маманы
- Калакбасов Б.А. – Ақтоғай ауданының маслихат депутаты
- Абишева С.М. – Сарышаған кентінің дәрігерлік амбулаториясының жалпы практика дәрігері
  Бижамбеков С.З. – ПТО мекемесінің жұмыскері
- Адильсеитов А – Теміржол ДЕПО-машинист
- Ерлепесова Ж – жеке кәсіпкер
- Ажибеков А – жеке кәсіпкер

**Шешімі:**

1. Қамқоршылық кеңестің ережесіне сәйкес КМҚК «Айгөлек» бөбекжайында құрылған кеңестің жұмысы жандандырылсын
2. Бөбекжайға демеушіліктер тарту бойынша жұмыстады қолға алу.

Қамқоршылық кеңес төрағасы: Рахишов Б.С.

Хатшы: Заурбекова Р.